



## Ислам - «террористік дін» емес

Осы тақырыпта № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен Арқалық қаласындағы «Әлмұхаммед» мешітінің бас имамы Бектұрсын қажымен Арқалық медицина колледжінің 1-курс студенттерімен және қаладағы қайырымдылық мекемесінің шәкірттерімен кездесу кеші ұйымдастырылды.

Ата-бабаларымыз сан жылдардан бері аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізгелі руханиымыздың тамырына қан жүтіріп, елімізде Ислам дінінің қарқынды дамып келе жатқаны баршамызға белгілі. Міне, осыған орай осы дін саласындағы өзекті мәселелер аталып өтіле отырып, оның маңызы, заңдылықтары мен қағидаларын бас имам өте жоғары деңгейде, сауатты түрде әңгімелеп берді. Осы тақырыптарда арнайы веднороліктер көрсетіліп, әндер айтылды.

Ислам діні – соңғы дін, Мұхаммед пайғамдар (с.а.у) – ақырғы елші. Алла Тағала Құранда өзінің нұрын тамамдайтындығын уаде еткен. Міне сондықтан ғасырлар қойнауында Ислам дінінің басынан қаншама нәубет, небір сұрапыл замандар өтсе де, әлі күнге дейін ол өзінің пәктігі мен өзіне тән ерекшелігін жоғалтқан емес. Қайта уақыт өткен сайын бір түлеп жаңарған-

дай адамзаттың көңіліне көктем сыйлауда. Сезінген сайын бұл илаһи нұрға күштер ұлты мен нәсілі бөтен, тілі мен ділі өзге, тіпті діні бөлек жандардың қатары күннен күнге көбейе түсуде.

Кеште де осы мәселелер төңірегінде оқырмандар сұрақтары қойылып, бас имам мысалдар келтіре отырып нақтылы жауап берді.

Терроризм тақырыбы бойынша да қазіргі әлемде «терроризм» идеясының пайда болуы және оның таралуы – бірден-бір қатер екендігі айтылды. Бұл идея мемлекеттің іргетасын шайқалтуға, түптеп келгенде, әртүрлі елдердің мәртебесін өзгертуге, қорқыныш туғызуға, саясатты күшейту әдістерімен өзгертуге бағытталған. Бүгінгі таңда қауіпті ауқымда қатерлі салдар тудыратын деңгейге жеткен терроризм, саяси-құқықтық құбылыс ретінде ғаламдық күрмеуі қиын мәселеге айналғаны туралы айтылған имамның әңгімесін жастар ерекше зейін қойып тыңдап отырды.

Қорыта келгенде, терроризм түп-түқыншамен мәңгілік құртылуы тиіс. Алайда терроризммен күресте оның нышандарын ғана емес, түп тамырын құртқанда ғана табысқа жетуге болады.

Сондықтан да, ылайым, дінімізге тыныштық, халқымызға амандық тілейік! Ел іргесі бүтін, ауызбіршілігіміз мықты болсын!

Зайра СЫҒАЕВА,  
№2 ОӘҒК  
кітапханашысы.

# Ұлағатты ұстаз



Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады. Таяуда Арқалық көпсалалы колледжінде КЗ-20 тобы 2 курс білім алушыларының ұйымдастыруымен «Ұлағатты ұстаз» атты мерекелік іс-шара өткен болатын.

Мерекелік кеш шымыл-дырығын колледж директоры Саржанов Серік Ашынбайұлы ашып, мұғалімдер қуанымын құттықтап, жылы лебізін жеткізген болатын. Ұстаздар күніне орай колледж оқытушылары Г.Акашова, Б.Тургаев, Е.Нұрмағанбетов, Ә.Есмағанбетов, Т.Молдабаева, Э.Демьянова сынды оқытушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. Педагог-жанды ұрпаққа ғасырлар бойы жинақталған барлық бағалы дүниелерді беріп, жалған сенімдерді, кінәраттар мен кеселдерді бермейтін кісі. Адамзат баласы жер бетіне жаралғаннан бастап білім іздеп, оқу оқумен қатар жер жаһанның құпия сырларын ашумен келеді. Талмай еңбек етумен іденістің арқасында өмір де бізге де дүниенің құпиясын ашып көрсетпек. Осы тұрғыда

еңбегі өзгешесіз өз баласынан өзгенің баласын арттық



көріп, қамқор бала білетін жан ол – ұстаз. Ол бойындағы жақсы қасиеттерді, алған білімін шәкіртінің бойына дарытып аянбай еңбек ететін жандар. «Ұстаз ұлы — тұла» деп бекер айтылмаса керек. Мерекелік кешіңізге Д.Милахатова, К. Ербосын, Ж. Қайрош, Н.Әбдісәлілік жас жайдарманшылар және де тағы да басқа колледж таланттары өнер көрсетті.

Ұстаздың еңбегінің арқасында әкімде, не бір өнертапқышта, ашпай, биік бәрі де ұстаздың салған сіра жолымен жүрген жандар десем қателеспеймін. Кез-келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі ұстаздық-өнер, тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез-келген адамға қолға бермейді. Олай болса, ашпай ұстаз болу үшін табиғи дарын іскілікті іденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртісіз ұстаз тұла» деген сөз тегін айтылмаса керек. Ұстаз беделін қоғам алдында көтеру үшін Елбасының тікелей өз Жарлығымен еліміздегі ең жоғары марапат – Қазақстанның Еңбек Ері атағы

мен «Алтын жұлдыз» белгісі және «Отан» ордені

ен бірінші рет ұстазға беріледі. Бұл – мектеп мұғалімінің еңбегі елімізде жоғары құрметке не екендігінің айғағы.

Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, өмірлік ұстаздан жақсы шәкірт, жақсы маман шығатыны сөзсіз. Алтын ұяларың сарт қылып, ұстаздық еңбегін шыңдау барысында көмегін ашып, студенттерін білім нәрімен сусындатқан ағулы ұстаздарымыздың еңбегі зор.

Ұстаз беделін қоғам алдында көтеру үшін Елбасының тікелей өз Жарлығымен еліміздегі ең жоғары марапат – Қазақстанның Еңбек Ері атағы мен «Алтын жұлдыз» белгісі және «Отан» ордені ең бірінші рет ұстазға беріледі. Бұл – мұғалімінің еңбегі елімізде жоғары құрметке не екендігінің айғағы.

**Айтжан ҚАЛИЖАН,**  
Арқалық көпсалалы колледжі КЗ-20 тобының білім алушысы.

Осы сөз журналист мамандығына ынталанды арттырды.

ҚазҰУ – деген журналистика факультетінде оқыған тұста Алматы облыстық «Жетісу» газетінде үш айлық тәжірибеден өткенім, онда Қаскынбай Құлыбаевтай, Сербас Ақтағайтай, ралық туандарымен танысып үлгерген Жұрағаттай Сабыржановтың өлеңдері көзге ұялайтын Әбіжан Әбілғазының ортамызда жүргенін мақұлан тұтапалым.

Тәжірипті жаңаға құмар редактор Мәтін Бекжанов материалымды

Қалқанай атпен «Жаңа дүниенің» хабар аударатынына қуаныштымын. Саяхат сізді осы жаңдан хабарлар еткеніне деген мақалда хабар жолдан, Алайда, міндет байсалды бәйбішем бұған тасқармады.

Ана жылдары «Ой ұрманы» кітабымен атағы алысқа жайылған ақын Құдыр Мырзалиевпен дидарласқандам да Ғабит Мүсірепов шығармаларының бәрін, өзі өлеңдерін тек қарымдымен жазатынын есіме салғанда біреуі қарапайым, енді бірі өлеңді жал-құрығын сүзген сәйкестіктей бағалаған қаламгерлердің әдісіне көшкенім. Берісте мақаланы көк, қызыл түсті қаламмен түзуге даярландым.

Мерзімдік басшылардан одастық, республикалық сөздің, сессияның қалам өтетініне қанақ бірқатар әріптестерім алды-ала іс-сіңірге сұранғанда немесе таныстықпен білетем. Ашық-ашық таңға шөпін созылған келініште көк, қызыл, қара түсті қаламды пайдаланып, атты, қорытып, таза өнімге айналдырған. Облыстық «Қызыл ту» газетіндегі әріптесіммен келісіп, сабақтақ кәсіпорындардың тыныс-тіршілігі кейінен баяндалған айдарма бет ұйымдастырдым. Ет қымбатынмен шұжарғына Саны белгісі берілгенде іскер басшы бақталық Бөленовтың әрі ұжымның толғағы табысына да бет арнадық. Жаңағалымыз республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде басылды да. Нәтижесінде редакция басшылығы еңбегімді бағалап, әрқайсысына 50 соғанның сыйақы белгіледі.

Өмір қалыңда қым-қуыт тартыла толғақ жандан сөзін шымыла редактор Әділжан Мұхамеджанов Қазақ КСР-ы Жоларғы Кеңесінің Құрмет грамотасына ұсынып, тұр ауа «Балтағабет таңында өлуің өнерден. Басқа жас қой. Сал жаңа» деген Б.Жүнісовке өзгертіліп, «Көшіріңіз. Сізге тиесілі медальды маған бергені жақсы» деп сыйлас інім Сырбай Кәрімовтың ағынан ақтарыпатын елексітеген, жүргім сыңарды.

лардың жолы кесті.

Біз журналистер бағамсызды бізе берейіні көрінеміз. Олай дейтінім, Аманкелді ауданындағы меншікті тілші Төлеген Сейдахметов аты – жөніме тоқталмай, «Маман кісі «Торғай таңынан» деп жандестерінде қарының «Менен Жақсылық Жүнісовтыңна сәлем айтарсың. Мақаласын тұрғынан оқытатымын», Қыстау ауылындағы соғым, еңбек ардагері Мұратқали Қамаловтың «Алматыда тұратын бала өкінісі», меңдірарлық Сапбек қажы Қаскынбайының Торғайдағы туған қарындасы Қарлығаштың / күйеуі Пашағалық сыйағытасым, құдам болатын дастарханымда «Құдырдың газет арқылы жаңы білемін» деген, «Сыр сандықты» жазған сенбілі?» деп өнер тарлашы Дарига Ергалиқыяның анасы Қалдыр бегімнен сұрап, сонау Көкше елінен оқырманның телефонмен республикалық «Қазақстан әйелдері» журналындағы мақалама



**Мақалада көзделгені – журналист мамандығын таңдаған жастарды жақсыдан үйренуге, жаманнан жүйренуге үндеу.**

Жақсылық ЖҮНИСҰЛЫ, баспасөз ардагері.

# Өмір: өткендерім мен жеткендерім

**1963 жылдың қараша айынан өмірімді баспасөзге арнаған менің де айтарым жеткілікті.**

Безен Әбілғазықтай, Дулатбай Досжановтай қазақы сөздің дәмін дәл аңырататын маңдайбалды журналистердің ақрын тыңдағаным талабыма тамысық болмақпай.

Ал, арнайы жолдымен Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» газетіне қабылданыпалды Бақытжан Жаңғыртай, Сырбай Бұрығбаев, Сапбек Әсінов, Жанайдар Мұсын, Мүсілім Досмағамбетов, Аңсаған Алымтаев, Сәкен Асқаров, Жолбарыс Бекжанов, Хамит Жансәріев, Бексұлтан Бекентаев, Ғұбай Әбілов сынды мақаланы жаңаға, аударма жасарда еркін көсілетін ағаларды жездестіргеніме ризамын.

1971 жылдан ақпан айында шақыртумен облыстық «Торғай таңы» газеті редакциясының табылдарығын аттағанымда сәт-

ның ең жерін түртпейтін және ләзімелерде мақтан қытып, Жаңағалы қатты болғанда да қызылған материалдың бірінші маған оқығатын. Мұндай қызымет кейбіреулерге ұнамады. «Жиналыста ойын ашық айтылмай», «Сәтис не ескерту неге берілмеген?», «Партиялық билігі жоқ адам саясилық жөнінде қалай қызықсы?» деп тегісізді. Тіпті, облыстарының баспасөз жөніндегі басқарушысы Сағдат Әділбековке айтып, сырттай Жәнішевтің, Аманжолдың, Құма аудандарының бірінше редактор ғып жөберуді ұйғарды. Зайыбымының ауыратынын тиісті орындарға мақалдегенде ғана пәлеқорлардың жанымысы әрекеті қолдау тапсады.

Облыстық «Коммунизм таңы» бөлім менгерушілігіне көнекурс жарықланғанда бейтаныс келініштегі Ақалыстағы айы-

сергіз беттіс саяси материалдардан қате жібермейтінмін.

ҚазҰУ-дың студенттерін тәрбиелеуді көбіне біздің бөлімге жүктейтін. Түрнемілік үйде өседен, таңертең машинаның бастырып, қолжазбасын түзетілген нұсқаны өздеріме табыстайтынмын.

Бөлімдегі әдеби қызметкерге де оң қабақпен қарайтынмын. Шүбір, еңбегім жаңды. Бүгінде шақыртырмы Айна Нестібай, Мақсұтбек Сүлейімов, Байра Қарғалұлова – танымал журналистер.

Өнеркәсіп, көлік және құрылыс бөлімін 12 жыл басқарғанымда 55 белсенді авторлыққа сүйенетінбіз. Соған орай мерекелік сандардың материалдарында географияны саястайтынбыз.

Торғай боксит – кен басқармасы вагоны артың боксит ұнтағын Павлодар алюминий зауыты

Торғай облысы алғаш жабылғанда қобалжысым, есепші жағынан қатты қуандым. Себебі, арықойлар үдере кишти. Ежелгі «Коммунизм таңымен» қайыра табыстым. Бандағы екі бөлмелі пәтерге кіріме көмектескен тәл ұжымның сенімін ақтау мақсатында барынша өнімді жұмыс істедім. Небары тоғыз айда 12 айларды, газет оқырмандарымен кеңдесу кешіне дайындалған пәлекетті ойлауға едәуір уақытымды кетірдім.

Торғай облысында Қостанайдағы екпінімді төкемедім. Таңдыры бөлек жаңаға ықпалым ауда. Мәселен, медицина училищесінде қазақстан тұрғын ғарышы қосағы Әзімовпен, тұржеде пәлізге қызығы Әзімовпен, Алаштан рахым тілеген өскемелдік жігіттен сұрабап құрдым. Қуялтері прокуратураның, соттың өкілдеріне таныстырып, қалдарын қойып ағым пейілі тар-

рныштылығын сездіруі бойымын қуш-қуат бітірді. Жұрттың газеті тұрасты сырасы, журналистерді мұң – мұңақаны жоқтаушысы санайтынын аңғардым.

Негізі арқа сүйерім – «Қостанай таңы» газеті. Өйткені, бұрынғы редактор Жайберген Болтаев, қазіргі ЖШС директоры – бас редактор Жанұзақ Алібеков, редактордың бірінші орынбасары Сәлім Меңдібай баспасөз ардагері тұрғысында облыс ақынның, меценаттар клубының сыйлықтарын атерді. Оқырманыма «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері», «Қазақстанның Құрметті журналисті» тасбелгілерін тақта. Мен үшін бұл – үлкен абырой, зор мақтаныш.

Жауапкершілігі ауыр жұкті қайыспай көтерген ізбасарларым – інілерім мен қарындастарым ауда да көңілге қанағат мақалаларымен қалаң бұқараның құрметіне бөленей!



## Қарттарым – асыл қазына

Халқымыздың ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық аузы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы телегей теңіз болып келеді. Міне, осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1 қазан Қарттар күнімен құттықтай отырып, Арқалық медицина колледжінде «Жан жылуы» үйірмесімен «Қарттарым – асыл қазына» атты концерттік бағдарлама өткіздік.

Мерекелік шараны колледжіміздің басшысы Динагүл Қазбаева ашып, ардагер ұстаздарымызды мереке күнімен құттықтады.

Мақсаты колледжіміздің қарт оқытушыларын мерекелерімен құттықтай отырып, оқушыларымыздың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғырат алуға тәрбиелеу.

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағалымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Бүгін, еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да Сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалайққан емессіздер. Колледжіміздің мақтаншына, құрметті ұстаздарымыз Бақытжамал Қалтаева, Маржан Молдабергеновна, Надежда Котович,

Сайлаугүл Қосанова, Болтай Камалова, Гүлбаршын Тулебаева, Бақытжамал Кульжанова арқайсыларыңыздың колледждің өсіп-өркендеуіне қосқан үлестеріңіз бен еңбектеріңіз ерен.

Мерекелік іс – шара барысында колледжіміздің оқушылары, үйірме мүшелері әсем ән айтып, би билеп жарқын көңіл – күй сыйлады. Атап айтар болсақ, 2 курс студенттері Тұрарбек Смайыл, Сайлау Елубай, Қарлығаш Тұяқбай, «Жастар» дуэті ана, әке, әже туралы өлеңдерін айтса, «Ару» би тобы, биші қызымыз Гүлсая Жаркеева мың бұралған билерін паш етті. Оқушылар өздерінің жүрек жарды өлеңдерін оқып, әр топ оқушылары құттықтау сөз сөйлеп, қонақтарымызға гүл шоқтарын табыс етті. Шынайы да ізгі сезімдердің, білімінің алтын дінгегін сыйлаушы ұстаздар қауымы қазан айының алғашқы мерекелері қарттар, ұстаздар мерекесі тоғысқан күнімен білім алушылардың

ұйымдастырған іс-шарасы жоғары деңгейде өтті. Біздің мақсатымыз білім алушылардың бойына тәрбие арқылы жақсы игі істерді сіңіру. Біз өзіміздің ата-әжелеріміздің алдында, аға ұрпақтың алдында үлкен қарыздармыз. Ол қарызымызды тек қана жақсы тәрбиеміз арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы қайтара аламыз. Бұл қасиеттер ешқандай да ақшаға сатып ала алмайтын байлық. Ол тек адамның жүрегінде орын алатын қасиет. Олай болса, алдағы өмірлерінде жүрегі кең, адал, мейірімді, қайырымды азамат болып өсу үшін, қарттарымызды сыйлап, оларға құрмет көрсетуіміз қажет. Қарттардың алдында әрқашан да бас иіп тұрайық!

Айзада  
БАЙҒАБҰЛОВА,  
«Жан жылуы»  
үйірмесінің жетекшісі.

# Қала және институт

М. Алтынсарин елімізге

Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты



Ал, Арқалық төңірегінде осыдан бірнеше ондаған жылдар бұрын «Қанытты металл» – алюминий кенінің шикізатының табылуы және оның жеткілікті қорын зерттеп, өндіріске енгізілуінің

туттың бар болғаны бір ғана факультеті мен үш бөлімдеріне екі жүздей ғана студент қабылданған еді. Бүгінгі таңда институтымыздың үш факультетінде он тоғыз мамандық бойынша педа-

гогтар дайындаймыз. Сырттай оқу бөлімі бар. Осы аралықта Ыбырай атамның атындағы жоғары оқу орнын жиырма мыңға жуық студент әртүрлі мамандықтар бойынша бітіріп, еліміздің барлық жерінде еселі еңбек етіп жүр, ал бүгінде, Торғай аймағындағы білім ошақтарының қарашаңырағында 1700-дей студент білім алады.

оқу жылымен салыстырғанда біршама жоғары. Сырт жақтан келіп, оқуға түскен студенттеріміздің барлығы да жатақханамен қамтамасыз етілген. Екі жатақханамыз бар. Институтымыздың

бағдарламасы бойынша еліміздің басқа педагогикалық институттарында білім алып және біздің институтқа да ол жақтан студенттер келіп білім алады.

Студенттермен жоспарлы түрде тәрбие жұмыстары жүргізіліп, қаламыздың қоғамдық жұмыстарына белсене араласуда. Біздің институттың студенттері, қол добы және күрес спортының барлық түрінен Арқалық қаласының құрама командасының негізгі мүшелері және қол жеткізген жетістіктері де баршылық.

Біздің институтымызда оқитын студенттеріміздің басым көпшілігі сырт жақтан болғандықтан, өздерінің тұрып және оқып жатқан өңірінің тарихын жете білуі үшін 2012 және 2014 жылдары Аманкелді және Жанкелден аудандарына мақсатты сапармен барып, халықпен кездесіп, өнерімізді көрсетіп қайттық. Оның сыртында, Торғай кен басқармасының бұйрығы бас геологы, ардагер Н.Бегайдаров, ардагер – маркшейдер Т.Ерназаров және қаламыздың ардагерлер Кеңесінің төрағасы К.Ақанмен кездесу ұйымдастырдық. Арқалық қаласының «Космостық гавань» екенін студенттеріміз айрықша сезіммен қабылдайды. Институт қабырғасында Ыбырай Алтынсарин музейі жұмыс істейді және оның мұрағатынан өңірдің тарихы мен ілімі туралы толық мағлұмат алуға болады.

Қала мен институтымыз өте тығыз байланыста

ныстыратыны айқын. Міне, сондықтан әрбір қала азаматының іс-әрекетінен, қаламыздың өсіп-өркендеуіне қосқан үлесінен Арқалық қаласының болашақ тағдыры тікелей байланысты. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары институтымыздың тағдыры екіталай болған уақытында, қаламыздың игі жақсы азаматтарының белсенділігінің арқасында, өңірімізде педагог кадрларын дайындап жатқан жалғыз жоғары оқу орны сақталынып қалды. Міне, сондықтан да біздің институттың негізгі міндеті-студенттерге сапалы білім беріп отырып, олардың келешекте елімізге адал еңбек жасайтын азаматтар тәрбиелеп шығару, қаламыздың статусын онан әрі биіктеге беру. Ол міндет біздің қолымыздан келеріне сенімдімін. Сонымен қатар, Арқалық қаласы мен ауыл аймақтарындағы мектептерде ұстаздардың басым көпшілігі біздің түлектеріміз болғанын мақтанышымен айтамыз.

2016 жылы Арқалық қаласы өзінің 60 жылдық мерейтойын атап өткелі отыр. Қаланың өсіп-өркендеуіне орасан еңбек сіңірген мыңдаған еңбек адамдарының өмірлері мен еңбек жолдары біздің сүйікті қаламыздың тағдырымен тікелей байланысты екенін жастарға айтып және оларды отансүйгіштік бағытта тәрбиелеуге бір кісідей ат салысуға міндеттіміз.

Елбасымыздың Ұлт

**Өткен ғасырда «Арқалықтың ақ таңы» өлеңін, қазақтың біртуар азаматтары Мұхтар Шаханов пен Шәмші Қалдаяқовтар Арқалық қаласының аң ұранына айналдырғаны, бізге-қала тұрғындары үшін маңызы және тәрбиелік мәні өте зор екені даусыз. Өйткені, сон-ау 1956 жылдан бастау алған кішкентай ғана жұмысшылар поселкесі, аты аңызға айналған көшбасшы азамат Оразалы Қозыбаевтың «Торғай шақырады» атты орталық «Правда» газетінің бетінде жарияланған мақаласынан кейін өзінің тарихи жалғасын тауып, жаңадан құрылған Торғай облысының орталығына және бүгінгі күні Ұлы қазақ даласында өзінің қасиеттілігімен ерекшеленген және ұлтымыздың ұлы ұлдары мен қыздарын дүниеге әкелген Торғай өлкесінің рухани астанасына айналуы кездейсоқтық емес, тарихи шындық.**

өзі, ол заманда жанкештілікпен еңбек еткен Волков, Калменов, Тоқсанбаев сияқты ғалымдар мен өндіріс басшыларының орасан зор бегі деп ауыз толтырып айтуға әбден болады. Тың жерлерді игеруге келген бұрынғы Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген жастардың төңірегінде ауылды мекендер салып, елімізді астық және мал өнімдерімен қамтамасыз етуі де теңдесті жоқ ерлік.

Осыдан 43 жылдан астам уақыт бұрын, Сарыарқа жерінің кіндігінде, Торғай облысы ашылып, жергілікті педагог кадрлар дайындау қажеттілігі туындағанда, сол кездегі облыс басшылары Сақан Құсайынов пен қазақтың көрнекті азаматы Өзбекәлі Жанібектің бастамасымен 1972 жылы Арқалық мемлекет-

тік оқу бөлімі бар. Осы аралықта Ыбырай атамның атындағы жоғары оқу орнын жиырма мыңға жуық студент әртүрлі мамандықтар бойынша бітіріп, еліміздің барлық жерінде еселі еңбек етіп жүр, ал бүгінде, Торғай аймағындағы білім ошақтарының қарашаңырағында 1700-дей студент білім алады.

Біздің Арқалығымыз елімізде моноқалалардың есебіне жатады. Ал, қала құраушы жалғыз кәсіпорын ол – Торғай кен басқармасы екенін бәрімізде білеміз және ол мекемеде бүгінгі күні қаламыздың мыңға жуық азаматы еңбек етеді. Осы тұрғыда айтарым, біздің институтты да қала құраушы мекемелердің қатарына жатқызуға әбден болады. Институтта 360-тай адам жү-



Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры

ген түлектеріміздің 89 пайызы жұмысқа орналасты. Бұл біздің институтта білім беру сапасының жылдан-жылға артып келе жатқанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым

министрлігінің қолдауымен материалдық-техникалық базасы заманауи талаптарға сайкес және студенттердің толыққанды білім алуына барлық мүмкіндіктер бар. Жоғары оқу орнының ғылыми-оқытушылар құрамы жыл сайын алас және